

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЫ-ФАРАБИ



**«ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ»**

атты II Республикалық
ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

20 ақпан 2015 ж.



МАТЕРИАЛЫ

II Республиканской
научно-практической конференции

**«НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
СОВРЕМЕННОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ»**

20 февраля 2015 г.

**«ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ»**

**атты II Республикалық ғылыми-
практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

20 ақпан 2015 ж.

МАТЕРИАЛЫ

**II Республиканской научно-практической
конференции
«НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ»**

20 февраля 2015 г.

Алматы
«Қазак университеті»
2015

Ғылыми редактор
ф.ғ.к., доцент Әбдіқұлова Р.М.

Редакциялық алқа мүшелері:
ф.ғ.д., профессор Темірболат А.
оқытушы Оспанова А.А.

Қазіргі әдебиеттанудың жаңа бағыттары: II Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 20 ақпан 2015 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 336 бет.

ISBN 978-601-04-1060-2

Студенттер мен жас ғалымдардың «Қазіргі әдебиеттанудың жаңа бағыттары» атты II Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Қазақ ұлттық университетінің филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасында дайындалды. Жинақ ұстаз-ғалымдарға, ізденушілерге, магистранттар мен студенттерге арналған.

Сборник материалов II республиканской научно-практической конференции студентов и молодых ученых «Новые направления современного литературоведения». Подготовлен кафедрой истории и теории казахской литературы факультета филологии, литературоведения и мировых языков КазНУ имени аль-Фараби. Сборник адресован ученым, преподавателям, соискателям, магистрантам и студентам.

МАЗМҰНЫ

<i>Абдул Абдулқарім. Әсем Қоспағарова, Хризантема және постструктуралистiк эстетика</i>	3
<i>Азатова Жанат. Батыс Қазақстан жыраулық дәстүрі</i>	6
<i>Айбергенова Айдана, Искендір Аққұралай. Қазақ шешендік өнерінің даму тарихы</i>	10
<i>Айтжан Ғалия. Қазақ әдебиеті тарихының зерттелу мәселелері</i>	13
<i>Алиасқар Айдана. Габриэль Гарсиа Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романындағы инцент мәселесі.</i>	16
<i>Аминова Салтанат. Бейімбет Майлин әңгімелерінде портрет қызметі</i>	21
<i>Ануарбекқызы Нұрбану. Қабан жырау толғаулары</i>	26
<i>Асанғалиева Айгүл. Дулат Исабековтің «Тор» драмасындағы Михаил Булгаков образының драматизмі</i>	29
<i>Ахан Меруерт. Сайын Мұратбековтың шығармалары мен өмірі арасындағы байланыс</i>	33
<i>Бағашарова Анар. Манас эпосының зерттелу тарихы</i>	36
<i>Байболова Жансая. Жапон әдебиетіндегі күнделік жанрының қалыптасу, даму ерекшеліктері</i>	41
<i>Бақытқызы Мөлдір. Қазақ әдебиетіндегі саяси-құқықтық идеялардың көрінісі</i>	48
<i>Бауберікова Айгерім. Шешендік өнердің жанрлық сипаты</i>	56
<i>Баязитов Бақытхожа. Б. Мұқайдың «Өмірзая» романындағы ізденістер</i>	60
<i>Бекежан Алтыншаш. Андерсен ертегілерінің тәрбиелік мәні</i>	66
<i>Бижанова Арайлым. Ғұрып фольклоры (сыңсу)</i>	72
<i>Бөленова Фариза. Ш.Айтматов шығармаларындағы аңыз желілері</i>	76
<i>Ғабдысаттар Маржан. Бактыбай Жолбарысұлы өлеңдеріндегі сатира мен юмор</i>	80
<i>Дәукен Мөлдір. Ж. Шәкенұлының «Қаралы көш» романындағы тарихи шындық</i>	83
<i>Досанова Назира. Есенғали Раушановтың бір өлеңі</i>	86
<i>Ербосын Жанна. Сыныптан тыс жұмыстардың негізгі түрлері</i>	90
<i>Ерқасым Айжан. Драматургиядағы уақыт пен кеңістік</i>	96
<i>Есенқұлова Салтанат. Түркі халықтарындағы айтыс жанры</i>	99
<i>Есентаева Айжан. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Әділ-Мария» прозалық туындысының көркемдік қырлары</i>	103
<i>Есіркепова Гүлшат. Қазақ романдарындағы Желтоқсан оқиғасының көрінісі</i>	108

жанкешті тірлігі мен романда келтірілген мәліметтердің тарихи шындыққа негізделгендігі көрініп тұр.

Әдебиеттер

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі/ Құрастырғандар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. -240 б.
2. Ж. Шәкенұлы. Жалғыздың үні: сын-зерттеу мақалалары мен сыр- сұхбаттар.- Алматы: Ақотау, 2010.- 419 б.

Досанова Назира

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Әдебиеттану мамандығының

1 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор

Сейітжанов З.Н.

ЕСЕНҒАЛИ РАУШАНОВТЫҢ БІР ӨЛЕҢІ

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар ізінен шәкірт ерген бүгінгі қазақ поэзиясының аға буын ақындарының бірі – Есенғали Раушанов. Ол – әрі лирик, әрі эпик ақын. «Есенғали Раушанов – әдебиеттегі кәмлеттік кезеңнен әлдеқашан өтіп, әбден толысып, кемеліне келген, шығармашылығы қалың-қалың катпарлардан тұратын, ешқандай асырмай да, жасырмай да айтар болсақ, ұлттық үлкен ақындарымыздың ішіндегі санаулыларымыздың бірі» /1, 157-б/. Ұлттық бояуы, қазақтың дәстүрлі өлең үлгісінен нәр-накыш алып, сыр-суреткерлік сипаты дәстүрлі фольклорлық, жыраулық қайнарлардан қайнап шығып, мазмұн мен түр және көркемдік жағынан үлкен деңгейдегі поэзия үрдістерімен байыта отырып, өзінің нәзік лиризм мен терең психологизмге толы суреткерлік тұтас бір ақындық әлемін қалыптастырған.

Қазақ халқы сөз өнерінің небір інжу-маржандары фольклорлық мұрада сақталып қалған, сондықтан қолына қалам ұстаған өнер иелерінің халық әдебиетінен үйренбейтіні жоқ десек те болады. Осы бір арыдан келе жатқан дәстүрді ақын Есенғали Раушанов та сақтаған. Фольклорлық дәстүрді Е.Раушанов «Ғайша бибі» дастанында өте шеберлікпен қолданады.

«Дәстүр дегеніміз – бір ұрпақтан, келесі ұрпаққа ұдайы ауысып отыратын тарихи тұрғыдан қалыптасқан әлеуметтік норма-

лар мен принциптер. Дәстүр халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің рухани негізі болып табылады. Мұның өзі көркемдік дәстүр жалғастығына да тікелей қатысты болып келеді. Өйткені, әрбір ұрпақ өзінен бұрын ғұмыр кешкен барлық ұрпақтар жасаған рухани мұраны игеріп, оны – жаңа қоғамдық, тарихи жағдайға сәйкес жетілдіріп отыруы тиіс. Сонда ғана қоғам дамуының рухани мүмкіндіктері объективті түрде жүзеге асады» /2, 38-б/.

Ақын Есенғали Раушанов бұрын сонды жазған өлеңдерін топтастырып «Бозанға біткен боз жусан» деген атпен Раритет баспасы, жыр жауһары сериясымен 2006 жылы жарыққа шығарған. Жыр жауһары деп айтқандай-ақ осы бір томдыққа ақынның таңдаулы өлеңдері мен поэмалары кірген екен. Біз ақынның бір томындағы бір ғана өлеңді – «Түн деген – Көрұғлы» өлеңін талдаймыз.

«Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемей емес. Біздің де жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетін негіз қылуға міндетті. Алдымен сабақты шеттен емес, өзінен алуға міндетті» /3, 341-б/.

Көне мифтер, аңыздар, эпостық жырлар, тарихи жыр-өлеңдер – мұның бәрі де қазақтың тек әдеби туындылары ғана емес, әрқайсысында еліміздің тарихының табы, бедері бар тарихи деректер, тарихи қайнар-бұлақтар деп қарастырған жөн. Сол рухани бай қазынадан сусындаған ақын Есенғали Раушанов халық ауыз әдебиеті, фольклорлық дәстүрлерді өз туындыларында әркез сақтап отырады.

Түн деген – Көрұғлы,
көр баласы,
Көрде жатып туды да,
өлді анасы.
Көрдей қара тәні бар,
сондықтан да
көрдей қара бар және шер-наласы,- /4, 225-б/

деген өлеңінде автор түркі халықтарының фольклорынан алатын орны ерекше «Көрұғлы» жырының кейіпкері жайында айтып отыр. Көрұғлы – бүкіл түрік дүниесіне, түркі халықтарына ортақ тұлға. «Көрұғлы» жырының түрлі нұсқалары қазақ, түрікмен, тәжік, өзбек, қарақалпақ тіпті әзербайжан мен ағылшын-

дарда да бар. Бәрінің кейіпкері – Көрұғлы, Көрүтлы, Кероглы деп бір нұсқада аталады. Негізгі оқиға желісі де ортақ. Сахитжанова Зада Омарғазықызының «Көрұғлы жырының еларалық нұсқалары: генезисі мен типологиясы» деп аталатын ғылыми диссертациясында «Көрұғлы» жырының еларалық нұсқаларының салыстара отырып зерттеген. «Көрұғлы жырындағы мотивтер жүйесі жырдың еларалық нұсқаларының барлығынан бірдей көрініс таппағаны, жырдың батыстық (әзірбайжан, ағылшын) және шығыстық (казак, түрікмен, тәжік, өзбек, каракалпак) нұсқаларындағы мотивтердің айырмашылықтары елеулі екені анықталды. /5/

№	Нұсқалар Басылымдар Мотивтер	қа- зақ	түрік- мен	тә- жік	өз- бек	кара- кал- пак	әзір- байжан	ағыл- шын
1	Көрде туылу	+	+	+	+	+	-	-

Акын өлеңіндегі сюжетті бүкіл түркі халықтарына ортақ «Көрұғлы» жырының мазмұнын пайдалана отырып бүгінгі күнмен салыстыра-сабақтастыра айшықты өрнектеген.

Есенғали Раушанов «Көрұғлы» сюжетінде кейбір эпизоттарды дәлме-дәл пайдаланғандай әсер қалдырады. Бұдан ол жырды көшірді деген ұғым тумау керек. Қайта керісінше өзінше өрнектеуге ұмтылады.

Көр баласы...
сәби ол.
Тасып-толып,
әлі ешкімге көрген жоқ ғашық болып.
Күн-ағасы қылт етсе қыр астынан,
Көрге кіріп кетеді қашып келіп. /4, 225-б/

Бұл арада акын өмір шындығынан алшақ кетпеген, қайта «Көрұғлы» жырының кейбір сарындарын еске салады.

«Көрұғлы» жырынан мысал:

... Бір жағында тесігі бар қабірдің,
Сыртқа шықты сәске түстін шағында,

Анық көрдім өз көзіммен, бала екен ...

Әбден байқап анық көрсем шамасын,
Жеті жасар баладай-ақ бар екен,
Жеті жасар баладай-ақ ізі бар,
Құралайдай мөлдіреген көзі бар...

...Ұстайын деп қолын Бабан созғанда,
Сезіп қалып арт жағына қарады.
Ұстатпады, қашып кірді молаға... /6/

Жыр мен акын өленін салыстыра оқысак айырмашылық пен ұқсастық бірден аңғарылады. Кейде акын аз жолдармен көп ой айтуға ұмтылады. Тіпті философиялық түйіндеулер жасайды. Мысалы,

Біз жерледік өлді деп шындықтарды,
Қанасында шындықтың тірлік бар-ды.
Көрде туған сәбилер өсіп жатыр,
Білмейді әлі қулықтар,
сұмдықтарды. /4, 226-б./

Біздің ойымызша акын өлеңінің ой салмағы соңғы шумақта жатқан сияқты.

Бесік те жат,
Жат оған торка дағы,
Бізді көрсе үркеді,
коркады әрі. /4, 226-б./

Бұл жолдарда өзінің әдеп-салтының түп-тамырынан қол үзіп қалған бодан халықтың кейбір тұрмыс-тіршілігін аңдағандай боламыз. Және оқиық:

Уа, әліптің артын бақ дін қарындас,
Көрұғлы келеді ортаңа әлі,
Көрұғлы келеді ортаңа әлі! /4, 226-б./

Осы соңғы жолдарды тұтастай қарасақ дінінен, ділінен, тілінен айырылған халықтардың мүшкіл халін көргендей боламыз. Акын «Уа, әліптің артын бақ дін қарындас» деп бізді сабырға шақырғандай. Сонымен бірге талай кара тізімге ілініп архивтің

каранғы түпкіріне кеткен мұраларымыздың да еркіндігі келетіндігіне сәуегейлік айтқандай болады. Бірақ ақынның айтқаны ақиқатқа айналғанын тағы көріп отырмыз.

Ел болып өсіп, өркендейміз десек, «бесігімізді түзеп» көсегемізді көгертер күретамырымыз – халықтық дәстүрімізге адал болып, ХХІ ғасырдың есігінен «қазақы дәстүр, қазақы тәлім, әлемдік білім» деген ұранмен аттап, өркениет төрінен тиесілі орнымызды еншілеуіміз қажет.

Әдебиеттер

1. Медетбек Т. Күретамыр. – Алматы: Білім, 2012. – 464 бет.
2. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің бастаулары. Көркемдік дәстүр жалғастығы. Зерттеу. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 256 б.
3. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. Алматы. Жазушы 1998-480 б.
4. Раушанов Е. Бозанға біткен боз жусан: Өлеңдер мен поэмалар.-Алматы: Раритет, 2006. – 384 бет.
5. Сахитжанова З.О. «Көрұғлы» жырының сларалық нұсқалары: генезисі мен типологиясы. Автореферат. – Алматы: Әрекет-Принт, 2010. (филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация)
6. «Бабалар сөзі» сериясынан. Жүз томдық батырлар жыры. Көрұғлының көрде туғаны. кітаp.kz

Ербосын Жанна

Абай атындағы ҚазҰПУ

КТӘ мамандығынын

2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к.,

Бораш Рыскүл

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

Әдебиетке байланысты жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар, сыныптан тыс оқу сабақтарын жүйелі түрде мазмұнды, мәнді дұрыс ұйымдастыра білу оқушыларды өз бетімен кітапты пайдалана білуге үйретеді. Олардың білімін кеңейтеді, әдеби ойын ұшқырлай түседі, тілін байытады, ең бастысы кітап оқуға құштарлықты арттырады [1,169].